



Сабақтың тақырыбы:

Т.Жұртбай. Қоңыр қозы



Сабақтың мақсаты:

Мәтіннің мазмұнын түсіну, мазмұны бойынша көңілге түйгенін анықтау.
Автор туралы мәлімет алу.

Оқу нәтижелері :

1. Мұхтар туралы мәтіннен түсінік алады, өз ойларын айтуға машықтанады.
2. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін анықтап, өмірдегі іс - әрекеттерде қолдануына мысалдар келтіреді, ата - ананы құрметтеуге, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиеленеді.
3. Өздері жасаған жұмыстарына қорытынды жасайды, тіл байлығы, сөйлеу мәдениеті дамиды.



*Күн жарығын алақанға саламын,
Жүрегіме басып ұстай қаламын.
Ізгі , нәзік, мейірімді жарықтан,
Болып кетер сонда дереу жан -
жағым*

«Зымыран сұрақтар»

Мақсат:

Тез шапшаң жауап беру.

Үй тапсырмасы:

Бала Абай мен Барлас ақын.



Жұмбақты шешейік:

Гүл-гүл жайнап жер, аспан,
Гүрілдейді сайда өзен.
Гүлжазира жарасқан
Гүлдерімен қай кезең?

«Мағынаны тану»

Мақсат: Рөлдегі оқушыларды бөлу.

1. **Баяндаушы** - топтан бір оқушы шығып әңгімелейді
2. **Сұрақ қоюшы** - мәтін бойынша сұрақ қояды.
3. **Із қуушы** - кейіпкердің ізін қуалайды.
4. **Дәнекерші** - өмірмен байланыстырады.
5. **Бейнелеуші** - сурет салады.
6. **Кейіпкерлерді сипаттаушы** - әр кейіпкер туралы мұқият ойланып, олардың кім екендігін, мінез - құлқы туралы айтып береді.

***Уақыт бақылаушы-**




Тұрсын Жұртбай 1951 жылғы 15 тамызда Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысы Абай ауданының Шаған ауылында туған.

Шығармалары:

1. «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997)
2. «Әуезов әлемі» (1997)

Қазақстан Жазушылар одағының Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Алаш» және І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты.



Оқулықпен жұмыс

Мақсат:

Мәтінмен толық танысу үшін, түсініп оқу. Оқушылар кезектесіп оқып шығады.

Мәтінде түсініксіз сөздермен жұмыс жасау.

«Сергіту сәті»

- Балалар біраз демалайық!

Жеке жұмыс

Деңгейлік жаттығулар:

- Қай тұсында өмірмен байланыс;
- Неге Мұхтар ойынға қызықпады?

Дәптермен жұмыс

Тұрсын Жұртбай туралы қысқаша мәлімет.

Атасының және әжесінің атын жазып алу.

Қоржындағы сұрақтар

1. Оқиға қай мезгілде болды?
2. Оны неден аңғардың?
3. Мұхтардың атасының есімі кім?
4. Әжесінің есімі кім?
5. Жыл мезгілі суреттелген жерлерді тауып оқы.
6. Абай ауылында мұхтар не нәрсеге қызықты?

БАҒАЛАУ

Бүгінгі сабақтан

Нені білемін?	Не білдім?	Нені білгім келеді?

*Үй тапсырмасы:

*198-199 бет оқу.

* Сұрақтар дайындап келу.

Сабақта көңілді болды.

**Қол соғайық – 3 рет.*

***Сабақта көңіл - күйім
болмады.***

** Қол соғайық – 1 рет.*